

ӘОЖ 37.018.6

ХАЛЫҚТАР ГЕОГРАФИЯСЫНДА ОҚЫТУДА СТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ: ТЕОРИЯ МЕН ТӘЖІРИБЕ

Полатова Динара Мелсқызы

1-курс магистранты, 7М01515 – География педагогтерін даярлау,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті
Алматы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: Тилекова Жанна Тилековна, PhD, доцент

Бұл мақалада статистикалық әдістердің халықтар географиясын оқытудағы теориялық негіздері мен тәжірбиелік қолдану аспектілері талданады. Халықтар географиясын оқытуда статистикалық әдістерді қолдану қазіргі таңда халықтың әлеуметтік құрылымын, болашақ даму жоспарын анықтауда аса маңызды болып табылады. Халықтардың географиялық орналасуы мен демографиялық процестерін оқытуды статистикалық әдістер арқылы жүзеге асыру білім берудің сапасын арттыруға, оқушылардың пәнге қызығушылығын оятуға және білім алудың практикалық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: халықтар географиясы, статистикалық әдістер, оқыту, демографиялық процестер, көші-қон, халықтың әлеуметтік құрылымы, білім беру, тәжірибе.

Халықтар географиясы – әлеуметтік географиясының маңызды саласы, ол халықтың географиялық орналасуы мен таралуы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, көші-қон мәселесін, халықтың құрамын зерттейді. География пәнін оқытуда статистикалық әдістерді қолдану арқылы оқушыларға халықтың әлеуметтік-экономикалық өзгерістерін нақты деректермен дәлелдеп, аналитикалық талдауды үйретеді. География сабағында статистикалық әдістердің қолданылуы білім алушыларға ғылыми тәсілмен жұмыс жасауға, сандық көрсеткіштерді бағалауға және күрделі демографиялық мәселелерді шешуге бағдар береді. Бұл оқушылардың сыни ойлау дағдыларын арттырады. Әсіресе, көпэтникалық топтардан тұратын Канада, Ұлыбритания, АҚШ мектептерінде халықтар географиясын оқытуда практикаға бағдарланған тапсырмалар беру арқылы оқушылардың аналитикалық ойлау дағдылары дамып, статистикалық деректермен жұмыс жасау оң әсер бергені айтылуда. Халықтар географиясы адамзаттың географиялық кеңістіктегі орналасуын және оның қоныстануын, қозғалысы мен өзара

әрекеттесуін, халықтың жастық және жыныстық құрылымын зерттейтін ғылым саласы ретінде ерекше құрылымға ие. Себебі, халықтар географиясын зерттеу арқылы біз халықтың даму болашағы мен жоспарын анықтауда басымдыққа ие болады. Әлеуметтік теоретик Д. Харви: "Халықтар географиясы - бұл адамзаттың әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуын географиялық тұрғыдан зерттейтін ғылым." [1]. - деп, бұл саланың әлеуметтік-экономикалық география саласында аса маңызға ие екенін көрсетті. Оның маңыздылығын бірнеше аспектіде қарастыруға болады:

Әлеуметтік-экономикалық дамуды жоспарлау: Халықтар географиясының статистикалық мәліметтері мемлекеттік және аймақтық деңгейде әлеуметтік-экономикалық дамуды жоспарлауда маңызды рөл атқарады. Туу, өлім және халық миграциясы сияқты демографиялық процестерді зерттеу арқылы халықтың жас құрылымын, жыныстық құрамын және өсу қарқынын анықтауға болады. Бұл мәліметтер білім беру, денсаулық сақтау, зейнетақы жүйесі және басқа да әлеуметтік қызметтерді жоспарлауда өте маңызды. Сонымен қатар, жұмыс күшінің орналасуы, жұмыссыздық деңгейі мен халықтың әл-ауқатын талдай отырып, экономикалық өсімді ынталандыруға бағытталған шаралар әзірленеді.

Демографиялық процестерді зерттеу: Халықтар географиясы демографиялық процестерді (туу, өлім, неке, ажырасу, миграция) зерттейді және олардың себептерін, салдарын анықтайды. Демографиялық өзгерістердің қоғамға әсерін болжау, демографиялық саясатты қалыптастыру және халықтың өсуін немесе азаюын реттеу үшін маңызды. Қарттардың үлесінің өсуі, жастардың миграциясы, халықтың жыныстық-жастық құрамының өзгеруі сияқты мәселелерді зерттейді.

Этникалық және мәдени процестерді зерттеу: Халықтар географиясы этникалық топтардың орналасуын, мәдениетін, тілін, дінін және олардың өзара әрекеттесуін зерттейді. Бұл этникалық қақтығыстардың алдын алу, мәдениетаралық диалогты дамыту және ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етеді. Мәдени мұраны сақтау, тілдерді дамыту және ұлттық бірегейлікті қорғау үшін шаралар әзірлеуде көмек көрсетеді.

Қоршаған ортамен өзара әрекеттесуді зерттеу: Халықтар географиясы адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты зерттеп, халықтың қоршаған ортаға әсерін бағалайды. Экологиялық мәселелерді, мысалы, ластану, табиғи ресурстардың сарқылуы және климаттың өзгеруі сияқты мәселелерді шешуге бағытталған шаралар әзірлеуге көмектеседі. Тұрақты даму қағидаттарын енгізу, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар жасайды.

Географиялық білім беру: Халықтар географиясы географиялық білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, оқушылардың географиялық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Оқушыларға адамзаттың

әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы туралы білім беріп, әлемдік мәселелерді түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, оларды зерттеу дағдыларын дамытуға, статистикалық мәліметтерді талдауға және географиялық карталармен жұмыс істеуге үйретеді.

Халықтар географиясы 19 ғасырдың ортасынан бастап зерттеле бастады. Бұл ғылымның дамуына негізінен географиялық зерттеулер мен әлеуметтік-экономикалық процестердің өзгерістеріне байланысты қажеттілік туындаған. Кейіннен халықтар географиясында орын алып жатқан өзгерістерді зерттеу арқылы негізгі принциптер қалыптаса бастады. Бұл принциптер:

1-кесте. Халықтар географиясын зерттеудегі негізгі принциптер (автормен жасалды)

Таралу принципі:	Халықтың әртүрлі аймақтарда қалай орналасқанын және олардың географиялық ерекшеліктерін зерттеу. Мысалы, урбанизация деңгейі, ауылдық және қалалық тұрғындардың қарым-қатынасы.
Өзгеру принципі:	Халық санының уақыт өте келе қалай өзгеретінін, оның туу, өлім-жітім, миграция, өмір сүру ұзақтығы сияқты факторлармен байланысын талдау.
Құрылым принципі:	Халықтың жас, жыныс, этникалық, әлеуметтік және басқа да құрамдас бөліктерін зерттеу. Бұл құрылымның уақыт өте келе қалай өзгеретінін анықтау.
Табиғи және әлеуметтік факторлардың әсері:	Халықтың орналасуына әсер ететін табиғи (климат, жер бедері, ресурстар) және әлеуметтік (экономикалық жағдай, жұмыссыздық, денсаулық сақтау) факторларды қарастыру.

Статистикалық әдістерді мектеп географиясында қолданудың негіздері Н.Н. Баранскийдің «Экономикалық географияны оқыту әдістемесі» еңбегінде атап өтіледі. Н.Н. Баранский экономикалық географияны оқытудың маңыздылығын атап өтіп, статистикалық ақпараттың рөлін жоғары бағалайды. Сонымен қатар, ол статистикалық деректерді қолдануда белгілі бір ережелерді ұсынады: "Сандық материалды асыра пайдаланбау, оны мақсатқа айналдырмау, картаны алмастырмау, экономикалық географияны экономикалық статистикамен алмастырмау керек"- деп кеңес береді[2]. Баранскийдің пікірінше, география сабағында сандық деректерді қолданудың негізгі әдіс-тәсілдері ретінде келесі әдістерді атауға болады: сандарды дөңгелектеу, сандық түсініктерді нақтылау, графиктерді қолдану. Мектеп географиясында статистикалық әдісті қолдану нақты жүйелілікті талап етеді, себебі:

“Статистика- бұл тек сандар емес. Сандар арқылы біз әлемнің тәртібін түсінеміз, құбылыстардың заңдылықтарын ашамыз және болжамдар жасаймыз”-деп, [3]. шведтік ғалым Х.Рослинг өз еңбегінде баяндаған болатын. Статистикалық мәліметтерді терең түсіну барысында оның құрамында келесі жұмыс әдістері бар:

1. Статистикалық бақылау — бұл географиялық құбылыстар мен процестерді жүйелі түрде бақылап, олар туралы сандық мәліметтер жинау.

2.Зерттелетін объектілерді топтастыру — зерттеу объектілерін белгілі бір сипаттамаларына қарай топтарға бөліп, олардың арасындағы өзара байланыстарды анықтау.

3. Статистикалық көрсеткіштерді есептеу — зерттелген деректер негізінде статистикалық көрсеткіштерді (мысалы, орташа мәндер, медианалар, дисперсиялар) есептеу арқылы ақпаратты жүйелеу.

4. Алынған деректерді талдау — алынған статистикалық көрсеткіштер мен мәліметтерді зерттеп, олардың мағынасын түсіну, географиялық заңдылықтар мен ерекшеліктерді анықтау.

5. Статистикалық мәліметтерді графикалық, картографиялық, кестелік немесе мәтіндік түрінде көрсету — деректерді визуализациялау үшін әртүрлі тәсілдерді (графиктер, карталар, кестелер) қолдану арқылы оларды оқушыларға түсінікті әрі көрнекі ету.

Практикалық тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар,алған теориялық мәліметтерін нақты іс жүзінде іске асыра алады.Мектеп оқулықтарын пайдаланып, оқушылармен халықтар географиясын оқытуда статистикалық мәліметтермен қалай жұмыс жасауға болатынын түсіне аламыз.Мектеп оқулықтары негізінде тапсырма құрастыру:

7-8 сыныптардағы «Әр түрлі аймақтар мен елдердің халық саны, тілдік құрамы мен топтары, халықтың тығыздығы және динамикасын анықтау мен салыстыру» тақырыбында практикалық жұмыс орындағанда, бақылаудың бірлігі ретінде белгілі бір аймақ назарға алынады, ал тіркеу белгілері ретінде келесі көрсеткіштер пайдалануға болады: халық санының бірнеше уақыт аралығындағы өсу немесе кему динамикасы, территорияның ауданы, материк, қай жерде орналасқан ел деген сынды маңызды ақпараттарды жинайды. Бұл мәліметтерді оқушылар статистикалық кестелерден, географиялық карталардан таба алады. Ақпаратты жинау процессі ұзақ уақыт пен энергия алатындықтан, оны үй тапсырмасы түрінде жүргізу орынды. Жиналған мәліметтер оқушылар тарапынан кестеге енгізіледі.Келесі қадамда алынған деректер топтастырылып, бақылау бірліктерінің жиынтығы белгілі бір белгі бойынша бөлінеді.7-сыныпта елдерді халық саны бойынша топтастыруға болады.

Шетелдік ғалымдардың еңбектері негізінде мектеп оқушыларына арналған тапсырмалар:

2-кесте.

Ғалым	Практикалық тапсырма	Мақсаты	Нұсқау
Н.Н.Баранский	Статистикалық деректерді пайдаланып, әлемнің әртүрлі аймақтарындағы экономикалық дамуды салыстыру.	Оқушыларға елдердің экономикалық жағдайларын статистикалық деректер арқылы түсіндіру.	Әр елдің экономикалық көрсеткіштерін (жер көлемі, халық саны, ЖІӨ) жинап, оларды салыстырып, қай елдерде халық тығыздығы мен экономикалық дамудың арасындағы байланысты талдаңыз.
Джон Роули	Статистикалық мәліметтерді қолдана отырып, халықтың миграциясы мен урбанизация процестерін зерттеу.	Халықтың қозғалысы мен урбанизация мәселелерін статистикалық деректер арқылы зерттеу.	Әр түрлі елдерде немесе аймақтарда миграция процестерін салыстырып, қала мен ауыл арасындағы халықтың ауысымын статистикалық деректермен дәлелдеңіз. Графиктер мен диаграммалар жасаңыз.
Т.Кушнир	Демографиялық және экономикалық көрсеткіштерді пайдаланып, халықтың өмір сүру деңгейі мен оның экологиялық жағдайымен байланысын талдау.	Демографиялық статистиканың экологиялық көрсеткіштермен байланысын түсіндіру.	Халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы мен экологиялық жағдайды көрсететін статистикалық мәліметтерді пайдаланып, әртүрлі аймақтардағы экологиялық проблемаларды анықтаңыз.

Қортындылай келе,білім беру процессі барысында оқушыларды статистикалық деректермен жұмыс жасауға баулу арқылы,олардың бойынша сыни ойлау қабілетінің артып,берілген мәліметтермен тиімді жұмыс жасай алатынна көз жеткіздік. Бұл әдістер қазіргі білім беру жүйесінде үлкен маңызға ие, себебі олар оқушыларға нақты деректерге сүйене отырып зерттеу жүргізуге, болжамдар жасауға және түрлі әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі. Осылайша, статистикалық әдістердің тиімді қолданылуы оқушылардың практикалық дағдыларын жетілдіру мен сыни ойлау қабілеттерін арттыру үшін маңызды.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Харви, Д. (1973). *Social Justice and the City*. University of Georgia Press.
2. Баранский Н. (1990). Методика преподавания экономической географии : методические рекомендации. М. : Просвещение
3. Розлинг Х. (2018). *Факты: о чем нам не рассказывают*. Москва: Издательство "Альпина Паблишер".

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СТАТИСТИЧЕСКИХ МЕТОДОВ В ОБУЧЕНИИ ГЕОГРАФИИ НАРОДОВ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»

Полатова Динара Меслқызы

В данной статье анализируются теоретические основы и аспекты практического применения статистических методов в обучении географии народов. Применение статистических методов в обучении географии народов в настоящее время является важнейшим в определении социальной структуры населения, плана будущего развития. Реализация обучения географическому положению и демографическим процессам народов с помощью статистических методов позволяет повысить качество образования, пробудить интерес учащихся к предмету и развить практические навыки получения знаний.

Ключевые слова: география народов, статистические методы, обучение, демографические процессы, миграция, социальная структура населения, образование, опыт.

THE USE OF STATISTICAL METHODS IN TEACHING GEOGRAPHY TO PEOPLES: THEORY AND PRACTICE

Polatova Dinara Meslkyzy

This article analyzes the theoretical foundations and aspects of the practical application of statistical methods in teaching geography to peoples. The use of statistical methods in teaching the geography of peoples is currently the most important in determining the social structure of the population and the plan for future development. The implementation of teaching the geographical location and demographic processes of peoples using statistical methods makes it possible to improve the quality of education, arouse students' interest in the subject and develop practical knowledge acquisition skills.

Keywords: geography of peoples, statistical methods, education, demographic processes, migration, social structure of the population, education, experience.

REFERENCES

1. Harvey, D. (1973). *Social Justice and the City*. University of Georgia Press.
2. Baransky, N. (1990). *Methodology of Teaching Economic Geography: Methodical Recommendations*. Moscow: Prosveshcheniye.
3. Rosling, H. (2018). *Factfulness: What We Can Learn from the World We Don't Hear About*. Moscow: Alpina Publisher.